

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 218-220

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – ТҰҢҒЫШ АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Қайырбек Ш.

Тарихымыздың ХХ ғасыр басындағы кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған көрнекі тұлға – Әлихан Бөкейхан.

Алаш ардақтысының өмір жолымен, соңында қалдырған мұрасымен танысқан кез келген адам оның ұлттың тұрмыс-салты мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін жақсы білген, бұл рухани құндылықтарының қадір-қасиетін, халық өмірінде алатын орнын жақсы білген өресі биік, зияткер тұлға екеніне көз жеткізеді. Сондықтан біздің мақсатымыз Әлихан Бөкейхановты қазақ зиялыларының қатарындағы аса ерекше тұлға екендігін айта келіп, оның қазақ әдебиеті тарихында қалдырған бірден-бір өшпес ізі - ұлы, кемеңгер ақын, ағартушы Абай туралы зерттеп, барша халыққа танытқан тұңғыш абайтанушы екендігін көрсету, оның еңбектеріне, осы саланы зерттеген ғалымдар еңбектеріне шолу жасау.

Абай жөнінде зерттеулер жазған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов сияқты бір топ зиялылар Абайдың өмірі мен шығармашылығын саралап, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне өздерінің пікірін білдірген. Әлихан Бөкейханов шығармашылығын зерттеушілер осы ұлт зиялыларының, әсіресе, А.Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының ғылыми мақалаларына назар сала отырып, мақаланы жазу барысында олардың тек жалғыз ғана зерттеушінің мәліметіне сүйенгендігін байқады. Мысалы, А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында былай делінген: «...жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған...» [1,146]. Ал М. Дулатұлы «Абай» мақаласында: «1905-нші жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический обществоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржімә халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909-ншы жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербуртта Бураганский баспаханасында

басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы...» - деген [2,189].

Атақты ғалым, Абайтанушы Қайым Мұхаметханов 1995 жылы жарық көрген «Абай энциклопедиясында» Әлихан Бөкейхановтың тұңғыш абайтанушы екенін дәлелдейтін тың дерек келтіреді: «...Шортанбай, Ноғайбай сияқты және басқа ақындарды атап айта келіп, Абайға ерекше тоқтап, оны қазақтың жаңа әдебиетінің көшбасшысы етіп бағалайды. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қырғыздарға түсініктеулерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілернің аузынан «Татьяның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады». Сөйтіп, Абайдың көзі тірісінде, оны оқырман қауымға таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов» [3,166].

Алаш көсемінің 1905 жылы жарық көрген «Абай (Ибрагим) Кунанбаев» («Семипалатинские областные ведомости», 1906, №250-252) деген орыс тілінде жазған мақаласында Абайдың өмірбаяны мен шығармалары, идеялық бағдары, сөз өнеріндегі шеберлілігі мен шешендігі, халық арасында жетілу жолы жұртшылыққа, әсіресе, орыс оқырмандарына тосын рухани әлем болды. Абайдың ақындығы мен аса күрделі ой-толғамдарына Әлиханның білікті пікір айтуы сол кезең үшін айтарлықтай жаңалық еді. Әлі күнге дейін көптеген ғалымдарды Әлиханның Абайды шынайы білу-білмеуі қызықтыруда. Петербургте белгілі ғалым Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.Ламанскийдің редакциясымен жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» атты көп томды еңбектің 1903 жылғы он сегізінші томы «Киргизский край» деген атаумен қазақ тарихына арналады. Кітаптың «Население» деп аталған екінші бөлімін жазуға Әлихан да қатысқан. Онда қазақ халқының тарихы мен танымын, мәдениетін, ауыз әдебиеті жауһарларын айта келе, Абайға айрықша тоқталады. «Жаңа әдебиеттің көшбасшысы» деп бағалайды. Яғни, ғалым Қайым Мұхаметхановтың сөзімен айтсақ, «Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов».

«Семипалатинский областные ведомости» газетінің 1904 жылғы №8 санында Семей облысы статистика комитетінің атқарған істері туралы есебі жарияланған. Міне, осы есептегі комитет мүшелерінің қатарында «Ибрагим Кунанбаев», «А.Букейханов» деп жазылған. Яғни, Әлекең мен Абай бір комиссияның құрамында болған. Осыған қарап, қос тұлғамыздың кездесуі де мүмкін деген тұжырым жасауға болады. 1914 жылы дала данышпанының досы Михаэлис қайтыс болады. Әлиханның қаралы хабардан кейін жазған қазанамасында «Қазақтың жалғыз, ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өл-өлгенше: «менің көзімді ашқан, маған жанашырлық қылған – Михаэлис», - деп айтып отыратын» деуі ақын мен күрескердің таныс болғандығын айғақтайды. Мәселен, Қайым Мұхамедханұлы Бөкейхановтың Абаймен, оның Тұрағұл, Кәкітай, Шәкәрім сияқты туыстарымен, Көкбай, Мұқа сынды шәкірттерімен таныстығын 1899 жылы оның Щербина экспедициясының бір мүшесі болып қазақ даласын зерттеуге

шыққан кезінен бастайды. Олардың таныстығы нақты қай жылдан басталғаны, неше рет кездескені анық болмаса да Әлиханның Абайды сүйіп оқығандығы айқын.

Ә.Бөкейхановтың басты арманы – Абай жинағын жарыққа шығару, ақын мұрасын қалың ел арасына тарату еді. «1906 жылдың 9 қаңтарында жазықсыздан-жазықсыз тұтқындап, Павлодар түрмесіне жапқан кезде, Әлиханның портфелінен Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздерінің қолжазбасы табылған. Абақтыға жабылғаннан кейін, келесі күні жазған арызында ол өлең қолжазбаларының құны 5000 сом болғандығын және оны сақтауға шаралар жасауын өтінген», - дейді Сұлтанхан Аққұлыұлы.

«Абайдың жылдың төрт мезгіліне (жазғытұрым, жаз, күз, қыс) арнап жазған әдемі өлеңінің өзі Абайды Еуропаға әйгілі ететіндей» деген Әлекең хакім дүниетанымына, ой-толғаныстарына терең бойлап, рухани болмысын жете танып, оны орыс оқырмандарына мойындатпақ болған. ХХ ғасырдың басында айналасына интеллектуалды элитаны жинап, елдікке ұмтылған Әлихан Бөкейханов «Ұрпақ үшін Абайды жаз» деп Мұхтар Әуезовке өсиет етті. Сөйтіп, қазақ халқына «Абай жолы» еңбегі бұйырды.

Қорытындылай келе, саналы ғұмырында атақ үшін емес, халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан-қилы. Әлихан Бөкейханов – қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Көптеген зерттеулер арқылы барлық әлемге дерлік қазақтың ұлы ақыны – Абайды танытып, таныстырды, оны зерттеуде салмақты үлесін қосты. Өзінің барлық саналы ғұмырын халқына қызмет етумен өткізген Әлихан Нұрмұхамедұлы бізге, болашақ ұрпаққа, аянбай жоғары дәрежеде еңбектенудің, тек бірқырлы болмай, жан-жақты дамып отырудың бірден-бір үлгі тұтар тұлғасы. Міне, бүгінгі күні ЮНЕСКО көлемінде Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы аталып өтті. Бұл расымен де мақтанарлық жай. Себебі, тек қазақ халқы ғана емес, барлық әлем елдері Әлиханды мойындауымен, сыйлауымен бізге ілтипат танытуда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 б.
- 2 Дулатов М. Абай // Қазақ. -1914.-№67
- 3 Мұхаметханов Қ. Абай мұрагерлері. - Алматы: Атамұра, 1995.-208 б.
- 4 Бөкейханов Ә. Таңдамалы.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы».-1995.-478 б.

Ғылыми жетекшісі: Кукенова Г.А